

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТДЕ МИНИСТРІ			
АЛМАТЫ КАЛАСЫНЫҢ ӘДЛЕТДЕ МИНИСТРІ			
АЛМАТЫ АУДАНЫНЫҢ ӘДЛЕТДЕ БАСҚАРМАСЫ			
2016	12	04	заны
ж. "12" 2016 ж.			түрле наименации тұрақтаудан кайтасткілді
№ 1949-1910-06-30			номер
Алғашқы тұралған күнде ж. «20» 2009			г.
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН			
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ			
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАИНСКОГО РАЙОНА			
произведена государственная перерегистрация			
юридического лица "12" 04 20 16 г.			
свидетельство № 1949-1910-06-30			
Дата первичной регистрации 20 09 20 07			
БСН/БИН 070910005059			



«Standard Life» ΘCK» AK

бекітілген

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ	
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ	
АЛМАЛЫ АУДАНДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ	
КҮРҮШТАЙ КУЖАТАРЫНА ФЕРГЕРҮЕР МЕН ТОЛЫКТЫРУЛАУ ЕҢГІЗЛЕН	
№ <i>3565</i>	БҮРҮНЫ
<i>2019 ж. 30.</i>	<i>05</i>
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ	
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛМАЛИНСКОГО РАЙОНА	
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ	
ПРИКАЗ № <i>3565</i>	
<i>90.</i>	<i>05</i>
<i>20 19 г.</i>	

«Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының

ЖАРГЫСЫ

Қазақстан Республикасы

Алматы қ., 2019 жыл

СМ. НА ОБОРОТЕ

1 бап. Жалпы ережелер

«Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») Жарғысы Қоғамның заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін айқындастын құжат болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес дайындалған. Қоғам қаржы нарығы мен қаржылық үйымдарды бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) берген лицензия негізінде сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқылы.

2 бап. Атқарушы органдың атауы, орналасқан жері

2.1. Қоғамның толық атауы:

- мемлекеттік тілде: «**Standard Life** Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;
- орыс тілінде: Акционерное общество «Компания по страхованию жизни «**Standard Life**»;
- ағылшын тілінде: Life Insurance Company «**Standard Life**» Joint Stock Company.

2.2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- мемлекеттік тілде: «**Standard Life** ӨСК» АҚ;
- орыс тілінде: АО «КСЖ «**Standard Life**»;
- ағылшын тілінде: JSC «LIC «**Standard Life**»;

2.3. Қоғамның және оның атқарушы органдың орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, индекс: A05K7T5 (050009), Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Кабанбай Батыр көшесі, 186 үй.

2.4. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

3 бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

- 3.1. Қоғам заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті мемлекеттік орган лицензиясының, Қоғамның осы Жарғысының (бұдан әрі – Жарғы) және Қоғамның ішкі құжаттарының негізінде қызметін жүзеге асырады.
- 3.2. Қоғамның үйымдық-құқықтық нысаны – Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен орнатылған ерекшеліктерді ескере отырып құрылатын және әрекет ететін акционерлік қоғам.
- 3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам сақтандыру үйимы болып табылады. Қоғамның сақтандыру үйимы ретіндегі ресми мәртебесі оның Қазақстан Республикасы әділет органдарында сақтандыру үйимы ретінде тіркелуімен және «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензиясының болуымен айқындалады.
- 3.4. Қоғам өзіне тиесілі бүкіл мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауапкершілікті көтереді. Қоғам өз акционерлерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Акционер Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметімен байланысты шығын тәуекелін алады. Қоғам мемлекет және Қоғам акционерлері

міндеттемелері бойынша жауапкершілік алмайды. Мемлекет Қоғам мен оның акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті көтермейді.

- 3.5. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады, жеке тенгерімге, банк шоттарына, мөр, мөртаңба, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған атауы бар фирмалық бланкілерге ие. Қоғам өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелер алуға және жузеге асыруға, сotta талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жузеге асыруға құқылы.
- 3.6. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар құра алады және өкілдіктер аша алады.
- 3.7. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестік негізінде жузеге асырылады.

4 бап. Қоғам қызметінің мақсаттары мен мәні

- 4.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаттары:
 - 1) экономика мен әлеуметтік саланың түрлі тармақтары мен секторларының қалыптасуына және дамуына жәрдемдесетін қаржылық қызметті жузеге асыру;
 - 2) Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың дамуына жәрдемдесу;
 - 3) табыс алу және оны акционерлер мүддесінде пайдалану;
 - 4) халықаралық нормаларға, стандарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметі аясын жузеге асыру және кеңейту болып табылады.
- 4.2. Аталмыш мақсаттарға қол жеткізу үшін Қоғам кәсіпкерлік қызметтің негізгі түрі ретінде үәкілдепті мемлекеттік органның лицензиясына сәйкес сақтандыру қызметін жузеге асырады.
- 4.3. Үәкілдепті орган берген лицензия негізінде Қоғам, Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамамен орнатылған сақтандыру салалары мен санаттарын біріктіру ерекшеліктерін ескере отырып, сақтандырудың сәйкес санаттары шегінде «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жузеге асырады.
- 4.4. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында орнатылған тәртіpte және шарттарда қызметтің өзге түрін жузеге асыруға құқылы.
- 4.5. Қоғамның Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделмеген кәсіпкерлік қызмет ретінде операциялар мен мәмілелерді жузеге асыруна тыйым салынады.

5 бап. Қоғамның мүлкі.

Қоғамның жеке капиталы, сақтандыру резервтері және өзге де қорлары

- 5.1. Қоғамның мүлкі, ол құратын филиалдар мен өкілдіктердің мүлкін қоса алғанда, меншік құқығында оған тиесілі және:
 - 1) Қоғам қызметінен алынған табыс;
 - 2) Қоғам жарғылық капиталды қалыптастыру кезінде алған ақша;
 - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынбаған негіздемелер бойынша алынған өзге де мүлік пен мүліктік құқық есебінен қалыптасады.
- 5.2. Қоғамның қызметі нәтижесінде алынатын табыс салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін Қоғам меншігінде қалады және сақтандыру резервтерін, Қоғамның өзге де қорларын құру үшін, акциялар бойынша

дивидендтер төлеу үшін пайдаланылады, сондай-ақ Қоғамның дамуына немесе Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Жарғыға сәйкес акционерлердің Жалпы отырысының шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға бағытталады.

5.3. Қоғам:

- 1) сақтандыру резервтерін;
- 2) Қоғамның тиімді қызметі үшін қажет басқа да мақсаттық және арнайы қорлар қалыптастырады.
- 5.4. Қоғамның мақсатты және арнайы қорларын басқару Қоғамның бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады және Қоғам Басқармасының құзыретіне жатады.
- 5.5. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Қоғамның жеке капиталы сақтандыру резервтері мен өзге міндеттемелер сомасына азайтылған барлық активтердің құны ретінде айқындалады.
- 5.6. Қоғам қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін актуарий есептеген көлемде қалыптасқан сақтандыру резервтеріне ие болуға міндетті.
- 5.7. Сақтандыру резервтерінің қарожаты Қоғамның қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындаумен байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асуруға ғана арналған.
- 5.8. Жарғылық капиталдың минималды мөлшері, активтерді әртараптану дәрежесі, оларды орналастыру (инвестициялау) тәртібі, сақтандыру резервтерінің құрылымы, сондай-ақ активтердің сапасы мен етімділігі бойынша жіктелуін ескерумен, активтер құнын есептеу әдістемесі, сонымен қатар сақтандыру резервтерін есептеу әдістемесі мен Қоғамның сақтандыру резервтерінің қарожатын орналастыру тәртібі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

6 бап. Қоғамның акциялары және басқа бағалы қағаздары

- 6.1. Қоғам қарапайым акцияларды шығарады, сондай-ақ артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығарылады. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығында бірнеше тұлғаларға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып танылады және өздерінің ортақ өкілі арқылы акциялармен куәландырылған құқықтарға ие болады. Бір түрдегі акция оны иеленетін әрбір акционерге, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге орнатылmasa, осы түрдегі акцияның басқа иелерімен бірдей құқық көлемін береді.
- 6.2. Қарапайым акция акционерге акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешуде дауыс беру құқығымен қатысуға, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивиденд алуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіpte оны таратқан кезде Қоғам мүлкінің бір бөлігін алуға құқық береді.
- 6.3. Қоғамның құрылтайшылары мен акционерлері Қоғамның сатып алғатын акцияларына, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіpte жүзеге асырылатын оны қайта ұйымдастыру кезінде Қоғамның акциялары үшін төлеу жағдайларын қоспағанда, ұлттық валютадағы ақшамен ғана төлеуге міндетті. Қоғам акциялары бойынша дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді қоспағанда, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беруші акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған болса, Қоғамның ақшасымен немесе бағалы қағаздарымен төленеді. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге

мұндай төлем акционердің жазбаса келісімі болған жағдайда, Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.

- 6.4. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендерді төлеуге мұндай төлем акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда, қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.
- 6.5. Дивидендерді төлеу қоғам акцияларын ұстаушылар тізбелерінің жүйесінде акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болған жағдайда, қарапайым акциялар бойынша дивидендерді төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап тоқсан күннен кешіктірмей жүргізілуі тиіс.
- Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, қарапайым акциялар бойынша дивидендерді төлеу, акционер қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесіне ол туралы қажет мәліметтердің енізілуін растайтын құжатпен қоғамға жүгінген сәттен бастап тоқсан күн ішінде жүргізілуі тиіс.
- 6.6. Қоғам акциялары бойынша дивидендер төлеу төлем агенті арқылы жүргізіле алады.
- 6.7. Дивидендер Қоғамның өзі өтеуін төлеп алмаған немесе орналастырмады қарапайым акциялар бойынша, сондай-ақ сот немесе Қоғам Акционерлерінің Жалпы жиналышы оны тарату туралы шешім қабылдаса, есептелмейді және төленбейді.
- 6.8. Қоғамның қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша:
- 1) жеке капиталдың мөлшері теріс болса немесе егер Қоғамның жеке капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендерді есептеу нәтижесінде теріс болып шықса;
 - 2) егер Қоғам оналту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес төлемқабілетсіз немесе қауқарсыздық белгілеріне жауап берсе, не болмаса оның акциялары бойынша дивидендерді есептеу нәтижесінде Қоғамда аталмыш белгілер пайда болса;
 - 3) «Банктер мен банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Зандарымен көзделген жағдайларда дивидендердің есептелуіне жол берілмейді.
- 6.9. Бір акцияға шаққанда дивидендердің мөлшері туралы және қарапайым акциялар бойынша дивидендер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналышы қабылдайды. Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендерді төлеу туралы шешім Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталған мәліметтерден тұруы және қаралдарында жариялануы тиіс. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышы қарапайым акциялар бойынша дивидендерді төлемеу туралы шешімді Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген мерзімдерде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен қабылдауға құқылы.
- 6.10. Артықшылықты акцияларға ие акционерлердің құқықтары, артықшылықты акциялар бойынша дивидендер төлеу тәртібі, соның ішінде бір артықшылықты акцияға берілетін дивидендтің кепілдендірілген мөлшері Қоғам артықшылықты акцияларды шығарған кезде осы Жарғымен реттеледі.
- 6.11. Қоғам, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген шектеулерді ескере отырып, шығару, орналастыру, айналымы және өтеу шарттары мен тәртібі бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген басқа да бағалы қағаздарды шығаруға, сонымен қатар Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары арасындағы айырмашылық шегінде акцияларға конвертацияланатын Қоғамның бағалы қағаздарын шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарды конвертациялау шарттары мен тәртібі Қоғамның конвертацияланатын бағалы қағаздарын шығару андатпасымен айқындалады.

6.12. Қоғам шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес тіркелген және үәкілдегі мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында, сондай-ақ шетел мемлекетінің аумағында айналымға жіберілген, шығару, айналымы мен өтеу шарттары бағалы қағаздарды шығару андатпасымен анықталатын конвертацияланатын және конвертацияланбайтын бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге ассыруға құқылы.

6.13. Қоғам, мәміле нәтижесінде Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен төлемқабілеттілігі мәселелеріне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылмаған жағдайда, акционерлерден өз акцияларының өтеуін төлеп алуға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акциялардың өтеуін төлеп алуы, оларды кейін сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышымен бекітілген ұйымдастырылмаған нарықта қоғамның олардың өтеуін төлеп алуы кезінде акциялар құнының Әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Қоғамның өзінің орналастырылған акцияларының өтеуін төлеп алуы туралы хабарландыруда Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген мәліметтер болуы тиіс және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

6.14. Қоғам:

- 1) акционерлердің алғашқы Жалпы жиналышын өткізгенге дейін;
- 2) құрылтайшылар арасында акцияларды орналастыру қорытындылары туралы бірінші есепті бекітілгенге дейін;
- 3) егер акциялардың өтеуін төлеп алу нәтижесінде Қоғамның жеке капиталының мөлшері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген минималды жарғылық капитал мөлшерінен кем болса;
- 4) егер акциялардың өтеуін төлеп алу сәтінде Қоғам оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес төлемқабілетсіздік немесе қауқарсыздық белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер өтеуін төлеп алу талап етілген немесе болжанып отырған акциялардың барлығының өтеуін төлеп алу нәтижесінде пайда болса;
- 5) егер сот немесе акционерлердің Жалпы жиналышы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, өзінің орналастырылған акцияларының өтеуін төлеп алуға құқылы емес.

6.15. Қоғамның өтеуін төлеп алған акциялары оның акционерлерінің жалпы жиналышында кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.

6.16. Қоғамның бағалы қағаздары кепілдік мәні бола алады. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарын Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайлар мен тәртіптеған кепілдікке қабылдай алады.

6.17. Қоғам орналастырған және онда кепілдікте жатқан акциялар бойынша дауыс беру құқығы, егер кепілдік шарттарымен өзгесі белгіленбесе, акционерге тиесілі. Қоғам өзінде кепілдікте жатқан акцияларымен дауыс беруге құқылы емес.

7 бап. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

7.1. Қоғам акционері құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын иеленген жағдайда, Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес акционерлердің Жалпы жиналышының күн тәртібіне қосымша сұраптар қосуды ұсынуға;
- 3) дивидендтер алуға;
- 4) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде акционерлердің Жалпы

- жиналышында немесе осы Жарғыда айқындаған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға менишік құқығын растайтын үзінділер алуға;
 - 6) акционерлердің Жалпы жиналышына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткер ұсынуға;
 - 7) сот тәртібінде Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді даулауға;
 - 8) жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан көп пайзын иеленген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларда, Қоғамға келтірілген шығындарды Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға өтеп беруі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) үлестес тұлғалардың жасалуына мүдделілігі бар ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелерді жасау туралы (жасауға ұсыныс) шешім қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) қайтару туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;
 - 9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраулармен жүгінуге және Қоғамға сұрау келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
 - 10) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігіне;
 - 11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіпте және онда көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына конвертацияланатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықты сатып алуға;
 - 12) акционерлердің Жалпы жиналышының Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға;
 - 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген немесе осы Жарғы ережелерінен туындастын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

7.2. Ірі акционер сонымен қатар:

- 1) акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналышын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналышын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгінуге;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының шақырылуын талап етуге;
- 3) өз есебінен аудитрлік ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқылы.

7.3. Қоғам акционері:

- 1) акциялар үшін төлеуге;
- 2) қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтерді өзгерту туралы он жұмыс күн ішінде орталық депозитарийге және (немесе) осы акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға хабарлау;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қоргалатын құпияны құрайтын ақпаратты жарияламауға;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

8 бап. Қоғамның органдары

8.1. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналышы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылаушы орган - Ішкі аудит қызметі;
- 5) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзге органдар болып табылады.

9 бап. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы

- 9.1. Қоғам жыл сайын акционерлердің Жылдық жалпы жиналышын өткізуге міндettі. Акционерлердің өзге жалпы жиналыштары кезектен тыс болып табылады.
- Акционерлердің бірінші жалпы жиналышы жарияланған акцияларды шығару мемлекеттік тіркегеннен және акциялар ұстаушылар тізілімі жүйесін қалыптастырганнан кейін екі ай ішінде шақырылуға және өткізілуі тиіс.
- 9.2. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Қорсетілген мерзім есептік кезең ішінде Қоғам аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда уш айға дейін ұзартылған болып саналады.
- Акционерлердің жылдық Жалпы жиналышында Қоғамның жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда дивиденд мөлшері айқындалады, Қоғам және оның лауазымды тұлғалары әрекетіне жүгінулері және олардың қаралу қорытындылары жайлы мәселе қаралады.
- Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғам акционерлеріне Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы мүшелеріне сыйақы беру мөлшері мен құрамы жайлы ақпарат береді.
- Акционерлердің жылдық жалпы жиналышы шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналышы құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді де қарауға құқылы.
- 9.3. Акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:
- 1) Қоғам Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдстыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру немесе орналастырылмаған жарияланған акциялар түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын конвертациялау шарты мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 6) Қоғамның қарапайым акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындағы айырбастаудың шарттарын, мерзімдерін және тәртібін анықтау;
 - 8) Есептік комиссияның сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік ету мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін уақытынан бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндettтерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығындарына өтемақылар төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау;
 - 10) Қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 12) есептік қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 13) Қоғамның қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі жайлы шешім қабылдау;
 - 15) өзге заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысу, немесе жиыны Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан жоғары пайызын

құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы өзге заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау, бұл ретте шешім сақтандыру қызметі туралы заңнамага қатаң сәйкестікте қабылдануға және орындалуға тиіс;

- 16) қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналышын шақыру туралы хабарлау нысанын анықтау;
- 17) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Қоғамның ұйымдастырылмаған нарықта акциялардың өтеуін төлеп алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулерді бекіту (егер құрылтай жиналыш бекітпесе, әдістемені бекіту);
- 18) Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту;
- 19) егер мұндай тәртіп осы Жарғыда анықталмаса, акционерлерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау;
- 20) нәтижесінде Қоғамның елу және одан көп пайыз иеліктен шығарылатын (шығарылуы мүмкін) мәміле жайлы шешім қабылдау күніне құны Қоғам активтерінің тенгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан көп пайызды құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам иеліктен шығаратын (шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасауын мақұлдау туралы шешім қабылдау;
- 21) шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.4. Акционерлердің жалпы жиналышы Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылатын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

9.5. Осы баптың 9.3 тармағының 2), 3), 4) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналышының өзге мәселелер бойынша шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге көзделмесе, дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекше шарттар болған жағдайда, Жарғының осы бабының 9.3.тармағында баяндалған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналышының шешім қабылдауы үшін, шешімді Акционерлердің жалпы жиналышы осы шарттардың сақталуын ескерумен қабылдайды.

9.6. Шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелердің, егер Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде өзге көзделмесе, Қоғамның басқа органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне берілуіне жол берілмейді.

9.7. Акционерлердің жалпы жиналышын шақыру тәртібі:

9.7.1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналышын Директорлар кеңесі шақырады.

9.7.2. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышы:

- 1) Директорлар кеңесінің,
- 2) ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

Егер Қоғам ерікті таралу үдерісінде болса, Қоғамның акционерлерінің Кезектен тыс жалпы жиналышы Қоғамды тарату комиссиясымен шақырылады, дайындалады және өткізіледі.

9.7.3. Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналышы, егер Қоғам органдары Қоғамның ірі акционерінің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналышын өткізу туралы талабын орындалмаған болса, оның қуыннымы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырыла және өткізіле алады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналышы, Қоғам органдары Қазақстан

Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру тәртібін бұзған жағдайда, кез келген мүдделі тұлғаның қуынымы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырыла алады.

9.8. Iрі акционердің Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы Қоғам Басқармасының орналасқан жеріне сәйкес жазбаша хабарлама жолдау арқылы Директорлар кеңесіне ұсынылады, ол осындай жиналыстың күн тәртібінен тұруы тиіс.

Директорлар кеңесі аталмыш талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде шешім қабылдауға және осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күннен кешіктірмей осы талапты ұсынған адамға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы немесе оны шақырудан бас тарту туралы хабарлама жіберуге тиіс. Қойылған талапқа сәйкес Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалпы жиналыстың күн тәртібін ез қарауымен кез келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.

9.9. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындауды және өткізу Қоғам Басқармасы, онымен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитарий, Директорлар кеңесі, сондай-ақ Қоғам таратылған жағдайда тарату комиссиясы жүзеге асырады.

9.10. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған сұрақтардың толық тізбесінен тұруы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан артық пайызын иеленетін акционер немесе Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін 15 (он бес) күннен кешіктірмей осындай толықтырулар туралы Қоғам акционерлері хабарланған жағдайда немесе Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте Директорлар кеңесі толықтыра алады.

9.11. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда жауыс беруге құқығы бар акционерлер тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдері жүйесінің негізінде орталық депозитарий құрастырады. Аталмыш тізімді құрастыру күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылдаған күннен ерте бола алмайды.

Акционерлер тізіміне енгізілуі тиіс мәліметтерді үекілетті орган анықтайды. Егер тізім құрастырылғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлер тізіміне енгізілген тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын меншігінен шыгарған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл ретте акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

9.12. Акционерлер Акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетіні жайлы отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал бір немесе одан артық акционерлерді хабарландыру үшін пошта байланысының құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – жиналысты өткізу күніне дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарландырылуы тиіс.

Күн тәртібіне пруденциалық және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген өзге де нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында Қоғамның жарияланған акцияларының санын арттыру туралы мәселе енгізілген қаржы ұйымы болып табылатын акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілген жағдайда, үекілетті органның талабымен акционерлер Жалпы жиналыстың өткізілетіні жайлы 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей хабарландырылуға тиіс, ал ал бір немесе одан артық акционерлерді хабарландыру үшін пошта байланысының құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – жиналыс өткізгенге дейін он бес жұмыс күннен кешіктірмей хабарландырылуы тиіс.

9.13. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржы есептілігі

депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануы тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспайтын болса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізілуі тиіс.

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналышын өткізу туралы хабарлама, тізбесі Қазақстан Республикасы заңнамасында анықталған мәліметтерден тұруы тиіс.

9.14.Акционерлердің қайталама жалпы жиналышын өткізу Акционерлердің бірінші (өтпей қалған) жалпы жиналышын өткізудің белгіленген күннен кейін келесі күннен ерте уақытқа белгілене алмайды.

Акционерлердің қайталама жалпы жиналышы Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналышы өтетін жерде өткізілуі тиіс. Қайта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібі өтпей қалған Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.

9.15.Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін бекіту жиналышта ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан көшілік дауыспен жүзеге асырылады. Көзбе-көз тәртіппен өткізілетін акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіне енгізіле алады:

1) жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан артық пайзын иеленетін акционерлермен немесе қоғамның акционерлеріне осындай толықтырулар туралы жалпы жиналышты өткізу күннен кем дегенде он бес күн бұрын хабарланған жағдайда, директорлар кеңесімен ұсынылған толықтырулар;

2) енгізілуі үшін акционерлердің жалпы жиналышына қатысатын және қоғамның дауыс беруші акцияларының тоқсан бес пайзызданан кем емес бөлігін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көшілігі дауыс берсе – өзгертулер және (немесе) толықтырулар.

Акционерлердің жалпы жиналышы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібі өзгертиле және (немесе) толықтырыла алады.

9.16.Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар бұл мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпараттан тұруы тиіс. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардағы міндетті ақпарат тізбесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталады. Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Акционерлердің жалпы жиналышын өткізетін күннен он күннен кешіктірмей акционерлердің танысуы үшін дайын болуы тиіс, ал акционердің сұрауы болған жағдайда – сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде оған жолдануы тиіс. Құжаттардың көшірмелері жасалуы мен құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді;

9.17.Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу тәртібі:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналышын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі оның Акционерлердің жалпы отырысына қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты ұсынуы тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жок.
- 2) Акционерлердің жалпы жиналышы кворум бар болған жағдайда, жарияланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналышы, барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп қойған, хабардар етілген және жиналышты ашу уақытының өзгертилүіне қарсы болмаған жағдайдан өзге, жарияланған уақыттан ерте ашыла алмайды. Акционерлердің жалпы жиналышы, егер жиналышқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін жиналышқа қатысуга және онда дауыс беруге құқылы, акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері, сондай-ақ

осы жарғының 9 бабының 9.11 тармағына сәйкес акционерлер тізіміне енгізілген тұлғадан акцияларды сатып алған, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуга және Қоғамның дауыс беруші акцияларының жиыны 50 (елу) және одан артық пайызын иеленетін тұлғалар тіркелсе, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

- 3) Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын (төралқа) және хатшысын сайлауды жүзеге асырады.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын анықтайды – көзбе-көз немесе құпия (бюллетендер бойынша). Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (төралқа) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауыска ие болады, ал шешім қатысушылардың санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Басқарма мүшелері, жиналысқа қатысушы барлық акционерлер Басқармага кіретін жағдайлардан өзге, Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.

- 4) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып жатқан мәселе бойынша пікірталасты тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауыс беруге шығаруға құқылы.

Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға қатысуга құқығы бар тұлғалардың сөйлеуіне, мұндай сейлеу Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуга әкеп соқтыратын жағдайлардан немесе аталмыш мәселе бойынша пікірталас тоқталған жағдайлардан өзінге, кедергі жасауға құқығы жоқ.

- 5) Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс жайлы және жұмыс мерзімін ұзарту жайлы, соның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарауды келесі күнге қалдыру жайлы шешім қабылдауға құқылы.

- 6) Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін жабық деп жариялана алады.

- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді.

9.18. Өтпей қалған жиналыстың орнына өткізілетін Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы келесі жағдайларда күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы:

- 1) кворум болмауы себебінен өтпей қалған Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;
- 2) тіркеу аяқталған сәтте оған қатысу үшін жиыны Қоғамның қырық және одан артық пайыз дауыс беруші акцияларына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер тіркелсе.

9.19. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетендер жолданған жағдайда, аталмыш бюллетендермен ұсынылған және Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу сәтіне қарай алынған дауыстар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындысын шығару кезінде ескеріледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда, Акционерлердің қайталама жиналысы өткізілмейді.

9.20. Қоғамда есептік комиссияның қызметін Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады. Егер Қоғам акционерлерінің саны жүз және одан артық болса, Акционерлердің жалпы жиналысында Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Есептік комиссия сайланатын болады. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Есептік комиссияның функциялары орталық депозитарийге жүктеле алады.

9.21. Акционерлердің жалпы жиналысын көзбе-көз түрде өткізу тәртібі осы Занға, қоғам жарғысына және қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге құжаттарға, немесе тікелей

акционерлердің жалпы жиналышының шешіміне сәйкес анықталады.

9.22. Акционерлердің жалпы жиналышының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналышына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), немесе Акционерлердің жалпы жиналышының отырысын өткізусіз қолданыла алады.

9.23. Дауыс беруге арналған бюллетенъ акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуі тиіс:

- 1) почта байланысы құралдарын пайдаланған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірмей;
- 2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда - акционерлердің жалпы жиналышы өткізілетін күнге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей.

Акционерлердің саны жүз және одан артық қоғамда сырттай дауыс беру кезінде бұл қоғам акционерлердің жалпы жиналышын өткізу туралы хабарландырумен, қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсында акционерлердің жалпы жиналышында сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъді жариялауға міндетті.

9.24. Сырттай дауыс беру бюллетенінде Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес мәліметтер болуы және ресімделуі тиіс.

9.25. Егер бұрын сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъді жіберген акционер аралас дауыс беру қолданылатын Акционерлердің жалпы жиналышына қатысу және дауыс беру үшін келсе, Акционерлердің жалпы жиналышы кворумын анықтау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды есептеу кезінде оның бюллетені есепке алынбайды.

Жалпы жинальска қатысушыларды тіркеу сәтінде немесе шешімдер Акционерлердің жалпы жиналышының отырысын өткізусіз қабылданған жағдайда, дауыстар санын есептеу күннінде, Қоғам алған бюллетенъдер дауыс беруге қатысады.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдер Акционерлердің жалпы жиналышын өткізу үшін қажет кворум сақталған жағдайда жарамды болып табылады.

9.26. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъге жеке тұлға – акционер (жеке тұлға – акционердің өкілі) бұл тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат жайлы мәліметтердің көрсетілуімен қол қойылуы тиіс.

Занды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеніне оның басшысы (занды тұлға – акционердің өкілі) қол қоюы тиіс.

Сырттай дауыс беру бюллетеніне акционердің өкілі қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беру бюллетеніне сенімхаттың көшірмесі немесе акционер өкілінің өкілеттіліктерін растайтын өзге құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға – акционердің немесе занды тұлға – акционердің басшысының немесе жеке тұлға – акционердің өкілінің немесе занды тұлға – акционердің өкілінің қолы қойылмаған бюллетенъ жарамсыз болып саналады.

Дауыстар санын есептеу кезінде акционер (акционердің өкілі) бюллетенъде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірі фана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар есептеледі.

9.27. Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидасымен жүзеге асырылады, бірақ оған мына жағдайлар жатпайды:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша берілетін дауыстардың максималды санының шектелуі;
- 2) Директорлар кенесі мүшелерін сайлау кезінде жиынтық дауыс беру;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру құқығына ие әрбір тұлғага Акционерлердің жалпы жиналышын өткізудің ресімдік мәселелері бойынша бір дауыстан беру.

9.28. Жиынтық дауыс беру кезінде дауыстар Директорлар кенесіне мүшелікке бір үміткер

үшін толығымен беріле алады немесе Директорлар кеңесі мушелігіне бірнеше үміткер арасында бөлініп беріле алады. Директорлар кеңесіне ең көп дауыс жинаған үміткерлер сайланды деп танылады.

Көзбе-көз дауыс беру тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын болса, мұндай дауыс беруге арналған бюллетендер (бұдан әрі – көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетендер) дауыс беру құпия тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жеке мәселе бойынша жасалуы тиіс. Бұл ретте көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мәліметтерден тұруы және ресімделуи тиіс.

Көзбе-көз құпия дауыс беруге арналған бюллетендер бойынша дауыстар санын есептеу кезінде дауыс берушілер бюллетенде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының бірі белгіленген мәселелер бойыншағанда берілген дауыстар есептеледі.

9.29. Дауыс беру корытындысы бойынша есептік комиссия дауыс беру қорытындысында туралы хаттама жасайды және қол қояды. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасына қосылуы тиіс.

9.30. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру жүргізілген Акционерлердің жалпы жиналышында жарияланады. Акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің жалпы жиналышы жабылғаннан кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде оларды бұқаралық акпарат құралдарында жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жолдауарқылы акционерлерге жеткізіледі.

9.31. Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасы жиналыш жабылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтер тізбесі және оған қол қою тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

9.32. Акционерлердің жалпы жиналышының хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналышына қатысуға және дауыс беруге, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға құқық беретін сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсіндірілуімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Басқармада сақталып, және кез келген уақытта танысу үшін акционерлерге берілуге тиіс. Акционердің талабы бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналышы хаттамасының көшірмесі беріледі.

10 бап. Қоғамның директорлар кеңесі

10.1. Директорлар кеңесі – заңнамамен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуден өзге, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын орган.

10.2. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында өзге орнатылmasa, Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыштарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның орналастырылған акциялардың немесе басқа бағалы қағаздардың өтеуін төлеп алу және олардың өтеуін төлеп алу бағасы туралы шешім қабылдау;

- 5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) аудиторлық ұйымның, ішкі аudit қызметі немесе актуарийдің аудиторлық есебінің негізінде орнатылған Қоғамның қаржылық тұрақтылығы және төлемқабілеттілігі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзумен байланысты мәселелерді карау;
- 7) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидаларды бекіту;
- 8) Қоғамның облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ олардың шығарылуы туралы шешім қабылдау;
- 9) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасын және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 10) Төраға мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық қызметақысы мен еңбекақылары және сыйақылары мөлшерін анықтау;
- 11) Ішкі аudit қызметінің сандық құрамын, өкілеттік ету мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аudit қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аudit қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы алу мөлшері мен шарттарын анықтау;
- 12) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының еңбекақы мөлшері мен сыйақы алу шарттарын анықтау;
- 13) комплаенс – бақылаушыны тағайындау, өкілеттік мерзімін анықтау, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-бақылаушының лауазымдық қызметақы мөлшері мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 14) қаржы есептілігінің аuditі үшін аудиторлық ұйым, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне төлем мөлшерін анықтау;
- 15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Басқарманың Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарын қоспағанда), соның ішінде Қоғамның аукциондарын өткізуге және бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 16) филиалдар мен өкілдіктерді ашу және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы қағидаларды бекіту;
- 17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан артық пайызын сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 18) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (он) және одан артық пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- 19) Қоғам міндеттемелерін оның жеке капиталының мөлшерінің 10 (он) және одан артық пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 20) қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын қупияны құрайтын Қоғам және оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 21) ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының ескерілуімен мүдделілік танытатын мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
- 22) Акционерлердің жалпы жиналышының күн тәртібін қалыптастыру;
- 23) Акционерлердің жалпы жиналышына өткен қаржы жылының ішіндегі Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы, Қоғамның бір қарапайым акциясына шаққанда дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарын қалыптастыру;
- 24) Қоғамның бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;
- 25) Акционерлердің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген өзге де мәселелер.

- 10.3. Директорлар кеңесінің ерекше күзыretіне жатқызылған мәселелер шешу үшін Басқармaga беріле алады.
- 10.4. Директорлар кеңесінің осы Жарғыға сәйкес Басқарма күзыretіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауга, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауга күкіры жок.
- 10.5. Директорлар кеңесінің мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.
- 10.6. Директорлар кеңесінің мүшелері:
- 1) жеке тұлға - акционерлер;
 - 2) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін өкілдеушілер ретінде сайлауға ұсынылған (кеңес берілген) тұлғалар;
 - 3) басқа тұлғалар (Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген шектеулерді ескерумен) катарапанан сайланады.
Казақстан Республикасының сактандыру қызметі туралы заңнамасының біліктілік және өзге талаптарына сәйкес келмейтін тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған алмайды.
- 10.7. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау жиынтық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша толығымен бір үміткер үшін дауыс беруге немесе оларды Директорлар кеңесіне бірнеше үміткер арасында бөліп беруге күкілы. Директорлар кеңесіне ең көп дауыс санын жинаған үміткерлер дауыс беруге болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесі мүшелігіне екі және одан көп үміткер бірдей дауыс санын жинаса, аталмыш үміткерлерге қатысты қосымша дауыс беру жүргізіледі.
- 10.8. Директорлар кеңесінің мүшесі болып Қоғамның акционері болып табылмайтын және акционер мүдделерін өкілдеуші ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған (кеңес берілмеген) жеке тұлға сайланған алады.
Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайланған Қоғамның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланған алмайды.
- 10.9. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем болмауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамының кем дегенде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болулары тиіс.
- 10.10. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасы заңнамасында өзге көзделмесе, шектеусіз сан рет қайта сайланған алады.
- 10.11. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.
